Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 20.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 27.05.2026, судья Жетибаев Ж. К., 03.06.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 сәуір Іс № 7119-26-00-2/3301 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Ж.К.Жетібаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "Антураж" басшысы Ксения Сергеевна Рожкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы "Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер "Антураж" басшысы Ксения Сергеевна Рожковаға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Антураж" басшысы Ксения Сергеевна Рожкованы сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Антураж" басшысы Ксения Сергеевна Рожковадан мемлекет кірісіне 2193 (екі мың бір жүз тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

7119-26-3-1/2958

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 20.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 27.05.2026, судья Жетибаев Ж. К., 03.06.2026
7119-26-3-1/2958